



2-сурет. Рефлексия

Белгілі педагог В.А.Сухомлинскийдің басқаруындағы мектеп тәжірибесі көрсеткендей, оқушыларды еліктетіп, жігерлендірмейінше, оқу мен тәрбиенің өз мәнінде болуы мүмкін емес. Міне, сондықтан да сабақ үстінде іздену мәселесін міндет етіп қойып, оны шешуде түрлі әдіс- тәсілдерді пайдалансақ, сыныптан тыс жұмыстар арқылы да оқушылардың математикалық сауаттылықтарын арттыруға жол ашылады.

Қорыта келгенде, бастауыш мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу үрдісіндегі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тұрмыс- тіршілікте қолдана алуына бағытталуы - білімнің білікке, біліктің қолдана білуге ұласуының бірден-бір кепілі болып табылады, яғни мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығы оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамытумен қатар, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. Глазырина Л.Л. Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы. Көкшетау. «Келешек-2030» баспасы. 2010 ж.
2. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022.
3. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар. Атамұра. 1998 ж.
4. Бастауыш мектепке арналған тестілер жинағы. Астана, 2002 ж.

**Жунусова Л.К.**

**«№2 лицейі» КММ, Қарағанды қ.**

### **ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРА ОТЫРЫП ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНА ҚАЛАЙ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАДЫ**

Аннотация. Мақалада тұтас емес мәтіндер арқылы баланың тілін дамыту қазақ тілді және қазақ тілді емес мектеп оқушылары үшін өте тиімді стратегиясы қарастырылады.

Кілт сөздер: тұтас емес мәтін, функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқушылардың танымдық құндылықтары жоғары деңгейде дамиды: дүниетанымы, ойлауы, көзқарасы, жалпыадамзаттық құндылықтары мен зияткерлігін қалыптастыруда тіл мен әдебиеттің атқаратын ролі өте жоғары. Осы қасиеттерді дамытуда мұғалім оқушыға қолайлы жағдай жасайды. Білім алушылар әр сыныпта оқу мақсаттарына сай түрлі стильдегі мәтіндермен жұмыс істей алулары қажет. Ойын жеткізе алуы, сұрақтарға жауап бере білуі, ресми құжаттарды толтыра алуы қажет. Оқушы өздігінен әртүрлі ресурстардан ақпаратты іріктеп ала алуы өте маңызды және бұл жұмыс оқушының жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Білім берудің спасын көтеру мақсатында сан түрлі әдіс-тәсіл, стратегияларды пайдалану уақыт талабы болып отыр.

Функционалдық сауаттылықты дамыту қазақ тілі пәнінде төрт дағды бойынша іске асырылады: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым. Бағдарлама бойынша тілдік төрт дағдыны ұстана отырып, әр мұғалімнің өзіндік сабақ өткізу әдістемесі болуы шарт.

Қазақ тілі оқулықтарында баланың оқу сауаттылығын дамытуға арналған мәтін түрлері беріледі.

Мәтін нысаны төртке бөлінеді:

Тұтас мәтін ( көркем әдебиет мәтіндері, өлең, пьеса, мақала, есеп, заң, нұсқаулар, ғылыми мақалалар және т.б.)

Тұтас емес мәтіндер (графика, кесте, карта, диаграмма, жарнама, хабарландыру, афиша, сауда түбіртегі және т.б.)

Аралас мәтін (тұтас және тұтас емес мәтіндердің біріктіріліп берілуі)

Құрамдас мәтін ( бір тақырып бойынша әр автордың пікірі, ойы, шығармасы. Мысалы: Отан, Аққу, Туған жер, Ана, Әке және т.б. тақырыптарда жазылған материалдар, мәтіндер)

Мәтін аспектілері:

Ақпаратты іздеу (мәтіннен тірек сөздерді табу)

Кеңірек түсіну (мәтінге жоспар құру, тақырыпшаларға бөлу, ат қою, аннотация, тезис)

Интерпретациялауды дамыту. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін ерекше әдіс-тәсілдер арқылы логикалық ойлау жүйесін дамыту, дұрыс жауап беруге құлшындыру.

Мәтін мазмұнын көрсету және бағалау, түрін анықтау.

Мәтін нысанын көрсету керек. Шығарманың жанрына тоқталу, автордың ойы мен идеясын , тақырыбын ашу.

Осының барлығы дерлік тұтас мәтінмен жұмыс істеу үшін қажетті іс-әрекет болатын болса, тұтас емес мәтінде барлығы да өзгешелеу. Білім алушы тақырып бойынша мұғалім ұсынған тұтас емес мәтіндер (графика, кесте, карта, диаграмма, жарнама, хабарландыру, афиша, сауда түбіртегі және т.б.) бойынша өзі ақпаратты жинап, өз ойын толық жеткізуге мүмкіндік алады. Мысалы: бұл еліміздегі қалдықтар картасы. Оқушының міндеті -сөйлеу, айтылымды қалыптастыру.

Тұтас емес мәтінмен жұмыс жасау тақырыбын зерделеген кезде көптеген қызықты және біз көңіл бөлмейтін нәрселерге тап болдым. Мысалы, ҰМЖ және ОМЖ да төмендегідей сабақ мақсаттары беріледі:

10.2.6.1- әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру

7.3.1.1 –кесте, диаграмма, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу;

бірақ, бұл мақсаттар көбіне көзден таса, елеусіз қалып қояды. Осы тұтас емес мәтіндер арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдысын қалыптастыра отырып ,функционалдық оқу сауаттылығын дамытудың негізгі көзі деуге болады.

Тұтас емес мәтінді түсіну деңгейінің аспектілері де :

Мәтіннің тұтас мағынасын түсіну

Мәтіннен нақты ақпаратты анықтау

Мәтінді интерпретациялау

Мәтіннің мазмұнына қатысты рефлексия

Мәтіннің формасына қатысты рефлексия

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің негізгі мақсаттарының бірі оқушыны сөйлету, айтылым дағдысына баулу.

Өз сабақтарымда мен оқушылардың жеке ерекшеліктерін, уәждерін, танымдық қызығушылықтарын дамытуға, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды қолдануға тырысамын. Оқу процесінде функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды қолдану тұлғаның жеке әлеуеті ашылатынына сенімдімін. Жұмыс тәжірибемнен бірнеше мысал келтіргім келеді. Мысалы:

10 сыныпта «Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар» деген бөлім бар. Ондағы тақырыптар «Тұрмыстық қалдықтар», «Өндірістік қалдықтар», «Қауіпті қалдықтар» және т.б. оқулықта мәтіндер, тапсырмалар берілген. Осы тақырыпты тереңдету үшін мұғалім төмендегі тұтас емес мәтінді оқушыларға ұсынады. Оқушы жоғарыдағы түсіну аспектілері бойынша нақты ақпаратты іздейді, тірек сөздерді жазып алады, логикалық ойлайды және дұрыс мәтін құрастыруға құлшынады, мәтінге баға береді, өмірмен байланыстырады. Оқушы деңгейі әртүрлі болғандықтан бір білім алушы картаға қарап өзі тартымды монолог айтса, екіншісінен ақпаратты сұрақтар қою арқылы да алуға болады. Мысалы:

Сенің қолыңда не тұр?

Онда не бейнеленген?

Қай өңір қатты ластаныпты?

Қалдықтардың қандай түрлері бар екен?

Қай жерлерде қалдықтар аз?  
 Қарағанды немен ластанған екен?  
 Қай өңір таза?  
 Қай жерлерде демалысты өткізген дұрыс?  
 Бұл проблемалармен қалай күресуге болады? (1-сурет).



1-сурет.Облыстардың ластану картасы.

Тұтас емес мәтіндер арқылы баланың тілін дамыту қазақ тілді және қазақ тілді емес мектеп оқушылары үшін өте тиімді стратегия. Орыс тілді мектеп оқушылары қазақша неге сөйлемейді? Деген сынды да естіп жүрміз Біздің қоғамда баланың тіл байлығының төмендігі, көркем әдебиетті аз оқу, ұялы телефон мен ғаламторға деген тәуелділік бар екені бәрімізге аян. Тұтас емес мәтіндер осы проблемалармен күресуге септігін тигізери сөзсіз.

5 сыныпта «Ас – адамның арқауы» деген тақырып бар. Оқушыға дүкеннен тағам сатып алған кез-келген түбіртекте ұсыныңыз. Білім алушы түбіртектегі ақпаратты жинайды, сөйлейді.

1. Тұтынушы қандай тағамдар алыпты?
2. Қайсысы пайдалы және несімен пайдалы
3. Қайсысы зиян, неге зиян?
4. Қандай пайдалы дәрумендерге бай?
5. Адам ағзасына қандай зиян келтіруі мүмкін? және т.б.

Осылайша, көптеген тақырыпқа ғаламтордан тұтас емес мәтінді тауыпалып оқушыға ұсынуға болады.

Әдебиеттер:

1. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы студентті дамыту құралы ретінде. -А.,2002.
2. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. -Астана: Таным, 2008.
3. Тілдік пәндер сабағына қажетті мәтіндік оқу материалын таңдау бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұстанымдар. Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.